

**Текелі қаласы бойыша жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы N 20 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2012 жылы 10 ақпанда N 2-3-104 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 29 маусымдағы N 188 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2012.06.29 N 188 Қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы № 836 Қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар практикасын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері арасынан тіркелген жұмыссыздар үшін уақытша жұмыс орнын ұсыну немесе ашу арқылы ұйымдастырылсын.

2. Еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Текелі қаласының әкімі*

*Қ. Айтжанов*

Текелі

қаласы

әкімдігінің

2012

жылғы

31

қаңтарындағы

"Текелі қаласы бойынша жастар  
 практикасынан өту үшін жұмыс  
 орындарын ұйымдастыру туралы"  
 N 20 қаулысына қосымша

**Жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі**

N	Ұйымдардың тізбелері	Кәсіптер лауазымдар)	Ұйымдас- (тырылатын элеуметтік жұмыс орындарының саны	Айлық жалақы мөлшері	Жұмыстың ай бойынша ұзақтығы
1	"Текелі қаласының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Экономист	1	26000 теңге	6
2	"Текелі қаласының жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі	Экономист-есепші	1	26000 теңге	6
3	"Текелі қаласының ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қаржыгер, есепші	1	26000 теңге	6
4	"Текелі қаласы бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Экономист, есепші	3	26000 теңге	6
5	"Текелі қаласының жұмыспен қамту және элеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Экономист-есепші, заңгер	2	26000 теңге	6
6	"Текелі қаласының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Заңгер	1	26000 теңге	6
7	"Алматы облысының Ішкі істер департаменті Текелі қаласының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Заңгер	1	26000 теңге	6
8	"Текелі қаласының жер қатынастар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Экономист	1	26000 теңге	6
9	"Текелі қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қаржыгер, іс жүргізуші	1	26000 теңге	6
10	"Ергожанов К.А." Жеке кәсіпкер	Электргазбен дәнекерлеуші, автомеханик	2	26000 теңге	6
11	Орталық Азия университеті	Қаржыгер, есепші	1	26000 теңге	6
12	"Текелі қаласы әкімінің N 16 бала бақшасы" мемлекеттік	Тәрбиеші, мұғалім, психолог, бастауыш	2	26000 теңге	6

	коммуналдық қазыналық кәсіпорны	сыныптарының мұғалімі				
13	N 310700 Текелілік басқармасы "Қазақстан Халық банкі" акционерлік қоғамы	Қаржыгер	1		26000 теңге	6
14	"Текелі кенді қайта өңдеу кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мемлекеттік тіл бойынша маман (аудармашы, іс жүргізуші), заңгер	1		26000 теңге	6
		Ақпараттық технология бойынша маман (бағдарламашы)	1		26000 теңге	6
		Эколог	1		26000 теңге	6
15	"Текелі Кондитер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Заңгер, іс жүргізуші	1		26000 теңге	6
		Кондитер	1		26000 теңге	6
16	Талдықорған филиалының Текелі қаласындағы бөлімшесі "БТА банкі" акционерлік қоғамы	Экономист, қаржыгер	1		26000 теңге	6
		Банктегі ақпараттық жүйе бойынша маман	1		26000 теңге	6
17	"Текелі қаласы әкімінің қалалық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Экономист-есепші, іс жүргізуші	2		26000 теңге	6
		Электронды есептеуіш машиналар операторы	1		26000 теңге	6
18	"Контракт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Есепші	1		26000 теңге	6
19	Алматы облысының сот актілерін орындау Департаменті Текелі аумақтық бөлімі	Құқықтану	1		26000 теңге	6
20	"Текелі қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мал дәрігері	1		26000 теңге	6